ТОО "МАНГИСТАУДОРСЕРВИС"

130000 Республика Казахстан, Мангистауская область,
г.Актау, Промышленная зона 1, здание № 71
тел/факс. 8(7292) 544288

БИН: 980340001328 АО «Банк ЦентрКредит» г. Актау ИИК:KZ888560000005855851 БИК KCJBKZKX

Шығыс № 41
« 29 » желтоқсан 2025ж.

«Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары басқармасы»
Мемлекеттік мекемесі
Басқарма басшысы
Абилов Б. мырзаға

«Мангистаудорсервис» ЖШС Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын пайдалану жөніндегі қызметтер № 3 лот (Түпқараған және Маңғыстау ауданы), жалпы ұзындығы 207,9 шм., автомобиль жолдарын күтіп ұстау бойынша 2023-03-01 № 13/23 санды келісім шарт бойынша 2023-2025 жылдар аралығында шарт бойынша міндеттемелер толық атқарылуына байланысты 2026 жылға қосымша шарттан бас тартатынын хабарлаймыз.

Автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстарын 2026 жылға жалғастыру үшін ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - заң) 16-бабы 3-тармағының 35-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі 2 айға ***(2026 жылдың қаңтар және ақпан айларына)*** *тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен келісім шарт жіберуіңізді сұраймыз.*

«Мангистаудорсервис» ЖШС директоры ***С.К.Замбиди***

«МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

06.01.2026 № 2

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

город Актау

Тікелей шарт жасау жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы бұйрық

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – заң) 16-бабы 3-тармағының 35-тармақшасына және ҚР «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (бұдан әрі – қағида) 506-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сатып алынатын қызметтер мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі 2 айға тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен Автомагистральдарды/автомобиль жолдарын/көшелерді/тас төселген жолдарды пайдалану бойынша қызмет көрсетулер жұмысын мемлекеттік сатып алу жүргізілсін;

2. Заңның 16-бабы 6-тармағының және Қағиданың 508-тармағының талаптарын орындау үшін Заңның 5-бабы 1, 4, 6, 7-тармақтарында көзделген талаптары сақтай отырып, мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

3. Конкурстың дайындығына, өткізілуіне және құжаттар мен материалдың рәсімделуіне жауапкершілік мекеме қызметкері А.Салиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалысына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысы **Б. Абилов**

002686